



Нұржанов Іскендір

1908 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Чкалов колхозында дүниеге келген. Ырғыз қаласындағы совпартшколды бітіріп, колхозда басқарма болған. Аманкелді ауданынан 1941 жылы соғысқа аттанып, 98-атқыштар дивизиясының 166-атқыштар полкінде соғысқан. 1944 жылдың 13 қаңтарында хабар-ошарсыз кеткен. 64 жыл хабарсыз кеткендер санатында. Мүрдесі «Долина» іздестіру тобының көмегімен Ленинград облысы Ивангород қаласы маңынан табылған. Іздестіру құжатында № 17 болып тіркелген. Тізімдегі барлық жауынгер 1944 жылы 13 ақпанда қаза болған. Жауынгер мүрдесін іздестіру кезінде табылған гильзаның ішінде «І.Нұржановтың әйелінің есімі Ақбала, туған жері Қостанай облысы Аманкелді ауданы Чкалов колхозы» деп көрсетілген. Жауынгер опат болған жердегі мүрде қасынан табылған ас қасық ішінде «Нұржанов» деген жазу ойылып жазылған. Бас киіміне тағылған жұлдызша, пистолеттің оқтары, «Ленинградты қорғағаны үшін» деген медалі және әскери қаруы, оққағары, сапер күрегі табылған. Хабарсыз кеткен әкесін «Бауырластар зиратына» қайта жерлеу рәсіміне 2008 жылы баласы Мираш барып қайтты.



Рух күші

немесе хабарсыз кеткен жауынгерлер дерегі

Аманкелді ауданынан 1941 жылы соғысқа аттанып, 64 жыл хабарсыз кеткендер санатында болған 98-атқыштар дивизиясы 166-атқыштар полкінің жауынгері Іскендір Нұржановтың мүрдесі "Долина" іздестіру тобының көмегімен Ленинград облысы, Ивангород қаласы маңынан табылды. Іздестіру құжатында рет санымен №17 болып тіркелген. Тізімдегі барлық жауынгерлер 13 ақпан 1944 жылы қаза болған.

Жауынгер мүрдесін іздестіру кезінде табылған гильзаның ішінде І.Нұржановтың әйелінің есімі Ақбала, туған жері – Қостанай облысы, Аманкелді ауданы Чкалов колхозы деп көрсетілген. Жауынгер опат болған жердегі мүрде қасынан табылған ас қасық ішінде "Нұржанов" деген жазу ойылып жазылған. Бас киіміне тағылған жұлдызша, пистолеттің оқтары, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалі және әскери қаруы, оққағары, сапер күрегі, т.б. заттарының кейінгі ұрпақ үшін маңызы зор.


Қазақстаннан жауынгерді "Бауырластар зиратына" қайта жерлеу рәсіміне баласы Мираш Нұржанов 2008 жылы барып қайтты.

Ленинград облысына барған сапарында М.Нұржанов әкесінің жанынан табылған жәдігерлермен естелік суреттерді және жерлеу рәсімі кезінде "Долина" іздестіру тобы, қала мәрімен түскен суреттерді аудандық мұражайға тапсырды. Бұл тарихи жәдігерлер аудан тарихы үшін өте маңызды.

Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Аманкелді ауданындағы тыл ардагері Биғатша Байбөринаның Ұлы Отан соғысы кезінде Волхов майданында қаза тауып, хабарсыз кеткен ағасы Рахымбек Есеевтің мүрдесі "Долина" іздестіру тобының көмегімен табылғандығы туралы қуанышты хабар жетті.

2005 жылы Жеңіс тойынан кейін хабарсыз кеткен ағасы Р.Есеевтің зиратының басына туған жердің бір уыс топырағын апарып, дұға бағыштап қайтуға жауынгердің қарындасы Биғатша Байбөрина барып қайтты.

Волхов сапарынан кейін жауынгердің қарындасы ағасы Р.Есеевті "Бауырластар зиратына" жер-



леу рәсімінде берілген Волхов майданы өткен жердің топырағы салынған металл құтыны, "Бауырластар зиратына" жерлеу рәсімінде түскен бірнеше суреттерді аудандық мұражай қорына тапсырды.

Миллиондаған отбасына қайғы-қасірет әкелген соғыс салқыны әлі кете қойған жоқ. Қыршынынан қиылған боздақтар, із-түссіз жоғалған солдаттардың беймәлім тағдыры Қазақ елі тарихында "құлынын күткен қара кемпірлер" болып жазылды.

Ауданымызда соғыстан кейін ұстаздық өткен Ұлы Отан соғысының ардагері Наржанов Әмірбектің 1987 жылы 102 жасқа келіп, қайтыс болған анасы Сәби Даниярқызының 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдығында жазылған "Хабарсыз кеткен, құлыным" атты өлеңі соғыста хабар-ошарсыз кеткен тұңғыш баласы Қапанға ар-

налған.

"Қапан Наржан мен Сәби әжеміздің төрт ұлының үлкені, тұңғышы еді. Кезінде колхоздың түрлі басшылық жұмыстарында жүрген еті тірі, жігерлі, сауатты азамат болған" – дей келе, қарт ананың кіші қызы Зейнелғараптың баласы Жұмаш Сомжүрек "Әр елдің өз "Қара кемпірі" бар" мақаласында (6 мамыр 1995 ж. "Торғай таны") әжесін еске түсіреді.

Өмірінің соңғы күндері ұлы Қапанның үлкейтілген суретін қасына сүйеп қойып, соған қарап жатумен бұл дүниеде ол енді жоқ дегенге сене алмастан кетті.

Аллаға жетпей арызым,

Өтелмей борыш-парызым.

Бағыштап құран оқытпай

Мойнымда кетті қарызым, – деп аһ ұрған ана

О дүниеде

Анам келе жатыр деп,

Алдымнан шықса не деймін, – деген өлең жолдарын төбірленбей, көзге жас алмай оқу мүмкін емес.

Ұлдары Қапан атын атаусыз қалдырмау жөніндегі ана өсиетін орындап, Аманкелді ауданы, Ақкісі ауылындағы қорымда Сәби ананың зиратының қасына "Белгісіз солдат" Қапан Наржанұлына арналған ескерткіш белгі қойды.

А.ШАЯХМЕТОВА,

А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайдың қор сақтаушысы.



Жауынгер Исхендір Нұржановтың мұраесі жапызып
табылған жеке заттары: қасқыр, оқ, қызыл жұлдыз.
Тичіне өсиі найденіне у месаі тахириненен бойы
И.Нұржанов: жоқса, гилья, қрасыя месаі.

